

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы
медицина колледжі**

БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»

Біліктілігі: 5AB09130101 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры»

Оқу түрі: күндізгі

Оқытудың нормативтік мерзімі: 3 жыл 6 ай

Циклдар мен пәндер индексі: АП 13

Курс: 2

Семестр: 4

Пән: «Паллиативтік көмек және онкологиялық бейіндегі пациенттерге күтім жасау»

Бақылау нысаны: Емтихан

Барлық сағат/кредит көлемі КЗ: 96/4

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Бақылау өлшеу құралдары		12 беттің 2 беті

Бақылау өлшеу құралдары «Паллиативтік көмек және онкологиялық бейіндегі пациенттерге күтім жасау» пәнінің жұмыс бағдарламасы негізінде құрастырылып бекітілді.

Құрастырушы: Г. Хайдаркулова Хайдаркулова Г.А.

Хаттама № 1 "27" 08 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі: Б.Д. Серикова Серикова Б.Д.

ОНТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Бақылау өлшеу құралдары		12 беттің 3 беті

8.1. Пән/модуль бойынша тесттер

Аралық бақылау 1

1. ДДҰ халықаралық регламент бойынша хоспис үшін қызмет көрсетуге ... түрі өте тән.
 - A. тегін
 - B. ақылы
 - C. шартты түрде тегін
 - D. дәрінің кейбір түрі ақылы
 - E. дәріге тегін, науқастың күтімі ақылы
2. Паллиативті медицинада науқасқа күтім кезінде мейіргер ... факторы бойынша жоғары деңгейде көңіл бөледі.
 - A. симптомдарды бақылау
 - B. дәрілерді қабылдауға бақылау
 - C. рухани көмек
 - D. палатаны тазалау
 - E. медициналық картаны толтыру
3. Хосписте ... көмек көрсетіледі.
 - A. медициналық, психологиялық, әлеуметтік
 - B. медициналық
 - C. психологиялық
 - D. қаржылай
 - E. сауықтыру
4. «Паллиативті көмек ассоциациясы» Конституциясының келісімен «паллиативті көмек» терминіне өте жақын анықтамаға ... жатады.
 - A. өлімді тездетпей, бірақ оның болуын созбау
 - B. өлімді тежеу
 - C. науқасты емдеу
 - D. науқастың жағдайын жақсарғанша емдеу
 - E. науқастың эвтаназиясы
5. Науқастармен қарым-қатынас – бұл
 - A. мәліметпен алмасу
 - B. коммуникациялық әлеумет
 - C. көңіл күймен алмасу
 - D. білім беру
 - E. біліктілігін беру
6. Дүние жүзі бойынша мейіргерлерді дайындайтын мектепті алғаш ... (Лондонда) ашты.
 - A. В. Хендерсон
 - B. Л. Мариллак
 - C. Д. Орем
 - D. Ф. Найтингейл
 - E. А. Дюнан
7. ... пайда болуы жауыржараның бірінші белгісі болып табылады.
 - A. Тұрақты кетпейтін қызару бөлігінің
 - B. Қарағаннан кейін 1-2 минуттан кейін тері қызаруы жоғалуының
 - C. Жауыр жара дамуы мүмкін жердің терісінің бозаруы
 - D. Терінің некрозды бөлігінің
 - E. Терінің баздану (мацерация) бөлігінің
8. Жауыржара дамуы мүмкін факторға ... жатады.
 - A. ылғалды тері жабындысы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Бақылау өлшеу құралдары		12 беттің 4 беті

- В. семіздік
- С. науқастың есінің жоқтығы
- Д. қант диабеті
- Е. емді тоқтату
9. Ауыр халдегі науқас үлкен дәретке отырғанда ... керек.
- А. кленка төсеу
- В. дәретсауытты суық сумен шаю
- С. науқасты ширмамен бөлу
- Д. дәретсауытты жылы сумен шаю
- Е. дәретсауыттың ішінде су қалдыру
10. Ауыр халдегі науқастың ауыз қуысына ... өңдеу жүргізу қажет.
- А. әр тамақ қабылдағаннан кейін
- В. күніне 2-рет
- С. әрбір 2 сағатта
- Д. күніне 3 рет
- Е. әрбір 4 сағатта
11. Науқасты үйдегі ауруханада бақылау ... болуы тиіс.
- А. күнделікті
- В. күнара
- С. аптасына 2 рет
- Д. айына 2 рет
- Е. жылына 2 рет
12. Этика – бұл
- А. адамагершілік, мінез-құлқы туралы ғылым
- В. қызметі туралы ғылым
- С. адамның ішкі әлемі туралы ғылым
- Д. медицина туралы ғылым
- Е. генетика туралы ғылым
13. Психологиялық тексерудің негізгі әдісіне ... жатады.
- А. сұхбаттасу
- В. психодиагностика
- С. кеңес беру
- Д. нұсқау беру
- Е. тексеру
14. Медициналық қызметкердің психогигиенасына ... тән.
- А. өзінің жақтырмайтын ішкі сезімін басу
- В. науқаспен қарым-қатынас кезінде туындайтын ұтымды жағдай
- С. науқасты өз денсаулығының бір бөлігіне жауапгершілікке үйрету
- Д. алдын-алуға бақылау жасау
- Е. емдік денешынықтыруды үйрету
15. ... аурудың симптомдарына алдын-алумен айналысады.
- А. Мейіргер
- В. Дәрігер
- С. Санитар
- Д. Психолог
- Е. Жақындары мен туыстары
16. Паллиативті медицинада мейіргердің ең маңызды жұмыс бөлігіне ... жатады.
- А. симптомдар мен синдромдарға бақылау жасау
- В. науқасты емдеуге бақылау жасау

ОНТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Бақылау өлшеу құралдары		12 беттің 5 беті

- С. алдын-алуға бақылау жасау
 D. оңалтудан кейін бақылау жасау
 E. науқастың жалпы жағдайына бақылау жасау
17. «Хоспис» сөзін ... деп түсінеміз.
 A. ауыр халдегі науқастар үшін үй
 B. қарттар үшін үй
 C. жағдайы төмедер үшін үй
 D. қаңғыбастар үшін үй
 E. мүгедектер үшін үй
18. Бірінші хоспис ... құрылған.
 A. Францияда
 B. Ресейде
 C. Англияда
 D. Германияда
 E. АҚШ-та
19. Хоспистің қағидатына жатпайды:
 A. хоспис қарттар үшін үй
 B. хоспис- өлім үйі емес
 C. ауырсыну мен күйзелісті жеңілдету
 D. өлімді тездету мен тоқтатуға болмайды
 E. науқас пен оның жақындары бір бүтін
20. Хоспистің мақсатына жатады:
 A. соңғы өмір күнін жақсарту, зардап шегуін жеңілдету
 B. радикальді ем
 C. науқастың жалпы жағдайын жақсарту
 D. көмек көрсету және ары қарай оңалту
 E. психиатриалық көмек

Аралық бақылау - 2.


1. Қазақстанда бірінші хоспис ... қаласында ашылды.
 A. Алматы
 B. Шымкент
 C. Астана
 D. Көкшетау
 E. Қарағанды
2. Егде жастағы науқастың психологиялық ерекшелігіне ... тән.
 A. танылатын үрдістің деңгейін төмендету
 B. қысқауақыттық еске сақтауды жоғарлату
 C. медициналық қызметкер құзырынан өзіне көңіл бөлуді күшейту
 D. танылатын үрдістің деңгейін жоғарлату
 E. көріп есте сақтау
3. Күтімнің сапасын бағалау көрсеткішіне ... жатады.
 A. науқастың қанағаттануы
 B. дәрігердің қойған мақсатының нәтижеге жетуі
 C. үрдіс стандартының талабының сақталуы
 D. мейіргер жұмысының орындалуы
 E. науқасты толық тексеру
4. Науқасты «жанымен» орналастыру кезінде жастықтарды ... қою қажет.
 A. қолдың, аяқтың арасына

ОНТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Бақылау өлшеу құралдары		12 беттің 6 беті

- В. бастың астына
- С. арқасына
- D. бастың және аяқтардың астына
- Е. қолдың, табанның арасына
5. Науқастың жанымен жатқан қалпында ... жастық қажет.
- A. 2 үлкен және 4 кішкентай
- B. 1 үлкен және 5 кішкентай
- C. 6 кішкентай
- D. 1 үлкен және 4 кішкентай
- E. 7 кішкентай
6. Науқасты және оның отбасын күтім жасауға үйретуде мейіргер назар аудару қажет ...
- A. науқас пен оның отбасының білуін және істей алуын анықтауға
- B. дәрігерден рұқсат алуға
- C. аға мейіргерді ескертуді
- D. аға мейіргерден рұқсат алуға
- E. отбасынан рұқсат алуға
7. Егер ... науқасты үйінде қалдыруға болады.
- A. ол үйінде өлгісі келсе және оған жағдайы мүмкін болса
- B. емделу үшін қаражаты жеткіліксіз болса
- C. ауруханада орын болмаса
- D. аурухана үйіне жақын орналасса
- E. отбасы науқасты емделуге жібергісі келмесе
8. Жауыржараны алдын-алу мақсатында науқастың төсектегі қалпының стандарты бойынша ... ауыстыру қажет.
- A. 2 сағат сайын
- B. сағат сайын
- C. 3 сағат сайын
- D. қаншалықты жиі - соншалықты жақсы
- E. 4 сағат сайын
9. Өз еркімен қозғала алмайтын жағдайдағы науқастың қалпын ... деп атайды.
- A. мәжбүрлік
- B. белсенді
- C. дренажды
- D. белсенсіз
- E. төсектік
10. Ауыр халдегі науқастың төсегін ... ауыстыру қажет, жауыржараның түзілуін болдырмау үшін.
- A. күніне 2-3 рет
- B. күніне 1 рет
- C. күнара
- D. күніне 4 рет
- E. күнделікті
11. Созылмалы ауырсыну – бұл
- A. ұзақ уақытқа сақталатын ауырсыну
- B. қысқа уақытқа ауырсыну
- C. тіннің зақымдану кезінде пайда болатын ауырсыну
- D. сырқаттану кезінде ауырсынуы
- E. тіннің ұзақ зақымдану кезінде пайда болатын ауырсыну
12. Қатерлі ісікпен ауыратын науқастың ауырсынуының себебі ... байланысты.

ОНТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Бақылау өлшеу құралдары		12 беттің 7 беті


- А. ісіктің өсуі және таралуына
 В. ісіктің кішіреюіне
 С. ұзақ емделуіне
 D. ағзаның қызметінің бұзылуына
 E. науқастың психикалық жағдайына
13. ... ауырсынуды шақырады.
 А. Жапа шегу мен күйзеліс
 В. Әлсіздік
 С. Уайым
 D. Тәбет
 E. Қозғыштық
14. Созылмалы ауырудың түріне ... жатпайды.
 А. тістің ауыруы
 В. нейропатиялық ауыру
 С. психологиялық ауыру
 D. мононейропатиялық ауыру
 E. қаңқа-бұлшықеттік ауыру
15. ... ауырсыну созылмалы ауырсынуға тән.
 А. Диффузды, монотонды, тұйық, шаншып
 В. Өткір, тұйық
 С. Толғақтәрізді және шаншып
 D. Сұқпалы және пышақтәрізді
 E. Қысқауақытты ауырсыну
16. Депрессия – бұл
 А. төмен, қайғылы көңіл-күй, қажу
 В. әлсіздік, ұйқысыздық
 С. апатия
 D. ұқыпсыздық
 E. миға көп күш түсіру
17. Созылмалы ауырсынумен ... айналыспауы қажет.
 А. физиотерапевт
 В. хирург
 С. терапевт
 D. травматолог
 E. невропатолог
18. Созылмалы ауырсынуды емдеу кезеңінің саны:
 А. 3
 В. 2
 С. 4
 D. 5
 E. 1
19. Хоспистің маңызды қызметіне ... жатады.
 А. мейіргерлік күтім
 В. медициналық кеңес
 С. ауруханалық күтім
 D. басқа мед. мекеменің қызметкерлерін үйрету
 E. жоғалту кезеңінде қолғанат жасау
20. Хоспистік қызметтің негізгі қағидалары ... болып табылады.
 А. тегін көмек

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		№72/11 ()
Бақылау өлшеу құралдары		12 беттің 8 беті

- B. ақылы көмек
- C. симптомдардың мониторингі
- D. «бұл - өмір үйі»
- E. «бұл - өлім үйі»

8.2. Пән/модуль бойынша тест, емтихан сұрақтары

1. Паллиативті көмектің анықтамасы.
2. Жауыр жараның клиникалық көрінісі.
3. Стационарлық жағдайдағы науқастарға паллиативті медициналық көмек.
4. Паллиативті көмектің мақсаттары.
5. Онкологиялық науқастарға психологиялық көмек көрсету ерекшеліктері.
6. Науқастың туыстарына үйде паллиативті көмек көрсетуді үйрету.
7. Паллиативті көмектің әдістері.
8. Ауырсыну симптомдарын анықтау.
9. Онкологиялық науқастарға көмек көрсететін адамдардың психологиялық мәселелері.
10. Паллиативті көмектің міндеттері.
11. Онкологиялық науқастарға иммунокоррекция терапиясы.
12. Ісікке қарсы препараттардың жанама әсерінің қарқындылығының дәрежелері.
13. Паллиативті көмек көрсетудің көрсеткіштері.
14. Опиодты терапияның жанама әсерлерін алдын-алу.
15. Паллиативті медициналық көмектің патронаждық қызметі.
16. Хоспис анықтамасы, функциялары.
17. Опиодты терапияның жанама әсерлерін емдеу.
18. Жағдайы ауыр науқастарды күту.
19. Паллиативті медициналық көмек бөлімінің міндеттері.
20. Асқазанның паллиативті резекциясы.
21. Тыныс алу бұзылыстары кезінде онкологиялық науқастарға көмек көрсету.
22. Хосписке емдеуге жатқызу көрсеткіштері.
23. Жауыр жаралар кезінде таңу жасау.
24. Үйдегі хоспистік медициналық қызметкерлер бригадасының негізгі алғы-шарттары.
25. Паллиативті этиканың негізгі принциптері.
26. Тыныс алу бұзылыстары бар науқастарда жөтел кезінде көмек көрсету.
27. Үй жағдайында көмек көрсету қажеттіліктерін ұйымдастыру.
28. Паллиативті көмек көрсетудің қағидалары.
29. Химиотерапияның жиі кездесетін жанама әсерлері.
30. Жауыр жараны алдын алудың жалпы тәсілдері.
31. Үйдегі паллиативті көмек көрсеткіштері.
32. Онкологияның соңғы сатысындағы науқастарда іш қатудың себептері.
33. Созылмалы ауырсынуды емдеудегі асқынулардың алдын-алудағы мейіргердің рөлі.
34. Паллиативті көмек кезінде мейіргердің көмек көрсету қағидалары.
35. Орташа ауырсынуды емдеу.
36. Онкологияның соңғы сатысындағы науқастарға іш қату кезінде көмек.
37. Паллиативті көмектің психологиялық аспектілері.
38. Қатерлі ісік белгілері.
39. Паллиативті көмек көрсету бөлімшесіне жатқызуға әлеуметтік көрсеткіштер.
40. Паллиативті көмек кезіндегі психологиялық көмек көрсетудің этикалық аспектілері.
41. Бауыр қатерлі ісігінің белгілері.
42. Паллиативті сәулелік терапия.
43. Науқастармен қарым-қатынас принциптері.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы	№72/11 ()	
Бақылау өлшеу құралдары	12 беттің 9 беті	

44. Қатты ауырсыну синдромын емдеу.
45. III дәрежелі жауыр жара, күтімі және емі.
46. ДДСҰ ұйымы негізгі деп бекіткен паллиативті көмек принциптері.
47. Өкпе қатерлі ісігінің белгілері.
48. Жауыр жараның диагностикалық ерекшеліктері.
49. Паллиативті көмек кезінде науқастарға әлеуметтік қолдау ұйымдастыру.
50. Тоқ ішек қатерлі ісігінің белгілері.
51. Паллиативті медициналық көмектің аспектілері.
52. Паллиативті науқастың құқықтары.
53. Өңеш қатерлі ісігінің белгілері.
54. Жағдайы ауыр науқастардың көздеріне күтім көрсету.
55. Паллиативті көмек көрсетудің әдістері.
56. Асқазан қатерлі ісігінің белгілері.
57. Балалардағы ауырсыну симптомдарын бағалау.
58. Паллиативті көмектің философиясы.
59. Тік ішек қатерлі ісік белгілері.
60. Балалардағы паллиативті көмек кезінде психологиялық қолдаудың өзектілігі.
61. Мамандырылған паллиативті көмек анықтамасы.
62. Ұйқы безінің қатерлі ісігінің белгілері.
63. Ата-ана мен ерте жастағы балалар арасындағы оңтайлы әлеуметтік қарым-қатынасты үйрету.
64. Балалардағы паллиативтік көмектің 4 санаты.
65. Сүт безі обырының негізгі белгілері.
66. Ішек қызметінің бұзылыстарында көрсетілетін паллиативті көмек.
67. Ауырсыну симптомдарын бағалау.
68. Паллиативті операцияға көрсеткіштері.
69. Медициналық – әлеуметтік патронаж кезеңдерінің негізгі атқаратын қызметі.
70. Стационарлық хоспистің мақсаты.
71. Паллиативті операцияның түрлері.
72. Ес-түссіз күйдегі науқастың ауыз қуысына күтімді ұйымдастыру.
73. Хоспис мекемелеріне қойылатын талаптар.
74. Бүйрек қатерлі ісігінің белгілері.
75. Онкологиялық науқастарды диспансерлік есепке алудың IV клиникалық тобымен жұмыс жасау ерекшеліктері.
76. Үйде паллиативті көмек көрсету бригадасының мақсаты.
77. Жүрек-қан тамыр жүйесі аурулары кезінде паллиативті көмек.
78. Онкологиялық науқастарды диспансерлік есепке алудың III клиникалық тобымен жұмыс жасау ерекшеліктері.
79. Балаларға паллиативті көмек көрсетудің ерекшеліктері.
80. Өкпе ісінуі мен жүрек демікпесі кезінде науқасқа көрсетілетін көмек.
81. Көмекейдегі қатерлі ісіктің IV сатысының клиникалық көрінісі.
82. Үйдегі паллиативті көмек көрсету бригадасына қойылатын талаптар.
83. Радикальды операцияға көрсеткіштер.
84. Ауыр науқастардағы ауыз қуысының күтімін іске асырудың алғы-шарттары.
85. Онкологиялық аурулар кезінде психологиялық қолдау көрсетудің түрлері.
86. Қуық асты безі қатерлі ісігінің клиникалық көрінісі.
87. Науқасты мұрын немесе ауыз жолы арқылы өткізілген зонд көмегімен тамақтандыру.
88. Паллиативтік медицинадағы этика.
89. Жағдайы ауыр науқасқа парентеральды тамақтандыру.

ОНТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»	№72/11 () 12 беттің 10 беті
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		
Бақылау өлшеу құралдары		

90. Онкологиялық науқастардағы ауырсынумен күресудің дәрілік емес әдістері.

8.3. Білімді бағалау критерийлері мен ережелері: әрбір деңгейдегі білімді бағалау шкаласы мен критерийлері (ағымдағы, аралық, қорытынды бақылау) Сабақтардың барлық түрлерін бағалау ережелері.

Оқыту нәтижелерін бақылау және бағалаудың нысандары мен әдістері білім алушыларда кәсіби құзыреттіліктердің қалыптасуын ғана емес, сонымен қатар базалық құзыреттіліктер мен оларды қамтамасыз ететін дағдылардың дамуын тексеруге мүмкіндік беруі керек.

Білімді бағалау-бұл білім алушылардың оларды меңгеру деңгейіне қол жеткізген оқу бағдарламасында сипатталған эталондық көрсеткіштермен салыстыру процесі.


Бағалаудың мақсаты-білім алушылардың оқу-танымдық қызметін ынталандыру және бағыттау. Бағалаудың негізгі талаптары: объективтілік, жариялылық, айқындық, тиімділік, жан-жақтылық, маңыздылық және бедел. Бақылаудың барлық түрлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау - үлгерімді ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау №1 кестеге сәйкес балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша жүзеге асырылады.

Аттестация

Рейтинг шкаласы

Әріптік баға жүйесі	Сандық эквивалент	Баллдар (%-дық көрсеткіш)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	
Бағалау критерийлері	<p>Өте жақсы «A»: Студент сұрақтарға толығымен жауап берген жағдайда</p> <p>Жақсы «B+» - «C+»: Студент білімін орта қалыпта жауап берген жағдайда</p> <p>Қанағаттанарлық «C» - «D»: Студент сұрақтарға қанағаттанарлық жағдайда</p> <p>Қанағаттанарлықсыз «FX» - «F»: Студент сұрақтарға толық емес жауап берген жағдайда</p>		

Пән бойынша қорытынды баға мынадай формула бойынша бақылаулар нысандарының белгіленген қатынасына сүйене отырып ресми ведомостьқа енгізілген кезде автоматты түрде есептеледі:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы	№72/11 ()
Бақылау өлшеу құралдары	12 беттің 11 беті

Қорытынды баға = (ТК (аудиториялық, семинарлар) + ТК (аралық бақылау) + СӨЖ) = РД (жіберу рейтингі) x 60% + баға (Э x 40%)

- Емтихан(жеке): қорытынды емтихан.

Оларды орындау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (ұсынымдар) :

- Аудиторияға (дәрістерге, семинарларға) дайындық кезінде берілген үлестіру материалын мұқият оқып, қайталау)

Бағалау критерилері:

- Қорытынды тест: барлық курстың білімі мен түсінігін тексеруге.
- Тестте 50-ден 100-ге дейінгі сұрақтан, әр дұрыс жауап-1 балл.

Тапсыру мерзімі:

- Орындалған тапсырмаларды жүктеу үшін белгіленген мерзім: оқу курсы аяқтаған сәттен бастап екі апта. Уақытында тапсырылмаған жағдайда төмендету коэффициенті қолданылады: мысалы, 0,75-0,9.

<p>ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>		<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»</p>
<p>«Мейіргер ісі-1» кафедрасы</p>		<p>№72/11 ()</p>
<p>Бақылау өлшеу құралдары</p>		<p>12 беттің 12 беті</p>